

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ  
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ

БЕКІТЕМІН  
Ректор Мухаммад аш-Шаххат әл-Жинди  
« 13 » 04 2020 ж.



2020-2021 оқу жылына арналған  
«6B02205-ТЕОЛОГИЯ»  
(Екінші жоғары білім)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша)

Алматы, 2020

Теология білім беру бағдарламасы Дінтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама №\_9\_ « 02 »\_04\_ 2020 ж.

Кафедра меңгерушісі Қ.С. Ержан



Университеттің Ғылыми кеңесінде каралып, бекітілді.

№\_8\_ хаттама « 23 » 04 2020 ж.

## ТЕОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Білім беру саласының коды және классификациясы:** 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

**Дайындау бағытының коды және классификациясы:** 6B022 Гуманитарлық ғылымдар

**Бағдарлама атауы:** 6B02205-Теология

**Бағдарлама деңгейі:** бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

**Берілетін дәреже:** «6B02205-Теология» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры

**Кредиттердің жалпы көлемі:** 120 академиялық сағат / 120 ECTS

**Оқу мерзімі:** 2 жыл (Екінші жоғары білім, қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша)

### БББ ерекшеліктері

«Теология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы әлемдегі діндерге қатысты білімге ие, діни саладағы өзекті тақырыптардан хабардар, даулы мәселелердің шешімін таба білетін, тарихи және заманауи түрлі дереккөздерді еркін пайдаланып, жүйелей алатын, мемлекеттік және әлемдік деңгейдегі дінге қатысты жағдаяттардан хабардар және соларға қатысты пікірталастарға қатысып, ойын жеткізе алатын мамандарды дайындауға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламасы білім алушының жан-жақты дамуын, білікті маманға, құзіретті тұлғаға айналуын мақсат ретінде көре отырып, теологиялық зерттеулерді жүргізуде маңыздылығы ерекше тіл біліміне, далалық зерттеу әдістеріне, тәжірибе жинақтауға баса назар аударады. Білімгердің толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үшін маңызды болған түрлі білім салаларын қамтып, хабардар болуына және оны іс жүзінде қолдана білуіне ықпал етеді.

### Құрастырушылар:

Аты-жөні	Қызметі	Байланыс мәліметтері
Ержан Қ.С.	Кафедра меңгерушісі	+7 771 466 9165
Затов Қ.А.	ф.ғ.д., профессор м.а.	+7 707 891 3390
Дүйсенбаева А.Қ.	PhD, доц.м.а.	+7 7013636001
Есимқұлов Е.Н.	докторант	+7 707 466 3120
Мажиев Ғ.Ж.	ҚМДБ Аппарат жетекшісі (Жұмыс беруші өкілі)	+7 701 970 0880

### Сарапшы топ:

Аты-жөні	Қызметі	Байланыс мәліметтері
Сандыбаев Ж.С.	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	+7 775 415 2525
Әділбаева Ш.А.	Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі	+7 747 157 0360
Махмет М.	Оқу әдістемелік басқарма басшысы	+7 747 777 8437
Жолмағанбетова М.	ОӘБ Төрайымы	+7 701 578 2327

## 1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Теология» білім беру бағдарламасын игеріп, бакалавр дәрежесін алған білім алушы қоғамдағы барлық діни құбылыстарға теологиялық сараптама жасай алатын әрі дінге қатысты кез келген салада қызмет атқара алатын күзiреттi маман болып шығады. Қоғамда теологиялық мәселелердi түсiндiрiп, дiни ұстанымдарды айқындап, дiнге қатысты шиеленiскен жағдайларды шеше бiлетiн бiлiктi мамандарға сұраныс өте жоғары. Жаңа әрi жат дiни ағымдардың жетегiнде кеткен азаматтардың қайта әлеуметтенуiне, психологиялық тұрғыда сауығып, өмiрге, қайта қалыпқа келуiне оңалту орталықтарындағы теолог мамандардың тигiзер ықпалы зор. «Теология» бiлiм беру бағдарламасын меңгерiп шыққан бiлiм алушы мемлекеттiк қызметкер, тәуелсiз сарапшы, дiни қызметкер ретiнде бiрнеше мемлекеттiк мекемелерде еңбек етiп, қазiргi кезеңдегi жұмыс берушiлердiң басты талаптарына жауап бере алатын бiлiктi маман атанады. Сол себептi мамандардың жұмыспен қамтамасыз етiлуi қоғам талабы мен еңбек нарығының сұранысына сай.

## 2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

«Теология» бiлiм беру бағдарламасының мақсаты: Еңбек нарығының талаптарына сай теориялық бiлiм мен практикалық дағдыға ие, заманауи әдiстердi қолдануға күзiреттi теолог мамандарды дайындау.

### **Негiзгi күзiреттiлiктер (НҚ):**

*Бағдарлама бойынша бiтiрушi түлектер мынадай негiзгi күзiреттiлiктердi меңгерiп шығады:*

- (НҚ1) Тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен қарау және әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар мен ерекшеліктерді толеранттылық негізде қабылдау;
- (НҚ2) Ғылыми әдебиетті талдау және аннотациялау қабілетіне және қызметтік құжаттар мен іскерлік хат алмасуды дайындау;
- (НҚ3) Ойлау мәдениетін қалыптастырып, жазба және ауызекі тілде ойлау белсенділігінің нәтижесін сауатты түрде рәсімдеп, жеткізу;
- (НҚ4) Болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түйсініп, кәсіби қызметін жүзеге асыруда жоғары деңгейлі мотивацияға ие болу;
- (НҚ5) Кәсіби міндеттерді шеше алуға қабілетті болатындай деңгейде бір шет тілін ислам теологиясын, теорияларын меңгеріп шығу;
- (НҚ6) Базалық теологиялық мәліметтерді түсініп, сыни түрде талдап, жеткізу;
- (НҚ7) Қазіргі діни үрдістер мен үдерістерді, әлемдік, дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің дамуы мен даму перспективаларын, діни ілімдердің эволюциясының негізгі бағыттарын сипаттау;
- (НҚ8) Діндерді тарихына, моралдық-этикалық құндылықтары мен тұжырымдарына қарай классификациялауға және олардың қазіргі кездегі діни-этикалық проблемаларын талдау.

### **Оқыту нәтижелері (ОН):**

*Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:*

- (ОН1) Теология ғылымының қалыптасуы мен оның даму кезеңдері жайлы түсінікке, діни мәселелерге талдау жүргізудің негізгі теориялық және әдістемелік тәсілдері жайлы білімге ие болу;
- (ОН2) Діни адамның психологиялық ерекшеліктерін түсіну, діни және діни емес көзқарастардың қарым-қатынасын талдауға дағдылану;

- (ОН3) Әлеуметтік-саяси, экономикалық үдерістер мен олардың қоғамға әсері жайлы мәліметтер мен ақпараттарды заманауи технологиялар арқылы жинақтап, жүйелеп, өз бетінше талдау қабілетіне ие болу;
- (ОН4) Сауатты жазба және ауызекі тілді меңгеріп, өз ойын, ұстанымын тұщымды түрде жеткізе білу;
- (ОН5) Кәсіби қызмет аясында жекеленген тұлғалар мен топтардың іс-әрекетін талдау, бағамдау, реттеуге қабілетті болу;
- (ОН6) Теологтың кәсіби қызметінің мақсатын, әдістері мен әдіснамасын білу;
- (ОН7) Мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынастардың құрылымдық заңдылықтарын түсіну;
- (ОН8) Діндер дамуының ортақ заңдылықтарын айқындап, негіздей алу және дін саласындағы әртүрлі мәліметтерге талдау жасай алу;
- (ОН9) Дін эволюциясының жалпы заңдылықтарын ашу, түсіндіруге қабілетті болу;
- (ОН10) Бұқаралық, жүйелік және жаңа ақпараттық құралдарды, оның ішінде ғаламтор кеңістігіндегі салалардың мониторингін жасай алу.

### 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

#### 3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдістері
Дін тарихы және әлеуметтануы	Салыстырмалы дінтану	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер діндердің тарихын зерттеуде қолданылатын әдістемелерді игереді (КҚ1); Әлем діндерінің діни мәтіндерін интерпретациялауға қабілетті болады (КҚ2). Діндердің пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады (КҚ3).	Дәріс барысында жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, діндер тарихын салыстырмалы түрде зерттеуге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
	Дін және әлеуметтік конфликт	Білімгерлер дін әлеуметтануымен, оның негізгі ұғымдары және әдіснамалық ұстанымдарымен танысады (КҚ4). Діннің классикалық және қазіргі теорияларын игеріп, оның эмпирикалық зерттеулерінің әдістері және маңызды нәтижелерін меңгереді (КҚ5). Жаңа	Жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіледі.

		мәселелер мен жағдайларды креативті ойлаумен және шығармашылықпен шешуге қабілетті болады (КҚ6).	
	Ислам философиясына кіріспе	Ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады (КҚ7). Ислам философиясы қарастырған кәләм ілімі, сонымен қатар перипатетикалық идеяларды пайымдау негізінде қалыптасқан күзіретті сенім мәселесіне қатысты ілімдерді игереді (КҚ8).	Теориялық курсты оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.
	Исламдағы құлшылық мәселелері	Исламдағы құлшылық үкімдерін, шарттарын, орындалу ерекшеліктерін менгереді. (КҚ9) ханафи ғұламаларының көзқарастарды игереді. (КҚ10)	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады.
	Радикалды сана психологиясы	Дін психологиясының өзге ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен мәнін, оның объектісі, пәні, негізгі ұғымдарын игереді (КҚ11). Радикалды сана психологиясы пәні бойынша материалды логикалық (ауызша және жазбаша) тұрғыда ұсына алады (КҚ12).	Кейс стади, тренинг элементтері қолданылады.
<b>Құран және хадис</b>	Араб тілі/Дінтануға қатысты араб тіліндегі мәтіндер	Арабша сөйлемдерге грамматикалық кешенді талдау жасап, сөйлем құрылымының мағынасын араб тілінде түсіне алады (КҚ37). Пәндік тарихты игеріп, пәннің жаңашыл заманауи даму барысын қадағалай біледі (КҚ38).	Пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру.

	Құран Кәрім/Тажуид	Интерпретациялау секілді практикада жиі кездесетін мәселелерді мейлінше жетілдіріп (КҚ13); араб тіліндегі Құранды түпнұсқадан оқуға қабілетті болады (КҚ14). Құран оқу қағидалары мен ережелерін үйренеді (КҚ15); тажуид қағидаларына сәйкес оқуды игереді (КҚ16).	Аудио-видео материалдар, топпен жұмыс жасау, теориялық курсты оқытуда синхронды әдістері негізге алынады.
	Ханафи мәзһабының негіздері/ Хадис іліміне кіріспе	Фихһ саласындағы негізгі қағидалардың қалыптасу кезеңдері мен даму жолдары. Фихһта Ханафи ғалымдарының ұстанған дәлелдерін игереді. (КҚ17), Хадис мәтіндерінің мәні мен ерекшеліктерін, діни мәтіндерді зерттеу мен түсіндірудің негізгі тәсілдерін, мәтіндерді түсіну үшін қажетті терминологиялық аппаратты қалыптастырады (КҚ18).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
Діндер сенімі	Ислам тарихы/ Ислам өркениеті	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер ислам дінінің тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді (КҚ20); исламның пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады (КҚ21). Ислам өркениетін және оның өз алдына дербес ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді меңгереді (КҚ22).	Жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады.
	Монотеистік діндер/ Христиандық тарихы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер христиан дінінің тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді (КҚ23). Монотеистік діндердің тарихын, заманауи жаһандану дәуіріндегі жағдайын талдай алады (КҚ24).	Салыстырмалы-тарихи әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.

	Матуриди ақидасы/ Ислам теологиясы	Ислам сенім негіздері, ислам теологиясына қатысты негізгі мәселелер мен олардың қазақ мәдениеті мен дәстүрлеріндегі көрінісі мен сабақтастығын біледі (КҚ25).	Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.
<b>Қазақстандағы ислам</b>	Қазақстандағы ислам / Орталық Азиядағы суфизм	Пәнді толық игерген білімгер қазақ жеріне ислам дінінің келу, таралу және орнығу кезеңдері мен қазақ топырағындағы мұсылманшылықтың ерекшеліктеріне қатысты білімге ие болады (КҚ26). Қазіргі Орталық Азия елдеріндегі сопылық тариқаттарының қалыптасуы мен қазіргі жағдайына қатысты ақпарат жинап, салыстырмалы талдау жасай алады (КҚ27).	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданылады (анкета, презентация, кейс-стади, сын тұрғысынан ойлау, «миға шабуыл», топпен жұмыс т.б.) және де білімгерлердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.
	ҚР дін және мемлекет арақатынасы/ ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар	Білімгер қазіргі заманғы мемлекет және дін қатынасын, осы салада қалыптасқан ұғымдар мен тұжырымдарды, көзқарастар мен идеяларды тұжырымдауға қабілетті болады (КҚ28). ҚР діни сенім бостандығын жүзеге асыру теориясы және практикасын зерттеу арқылы, аналитикалық қабілетке ие болады (КҚ29).	Курсты жүргізуде пікір алмасу, семинар, пікір таластыру, топпен жұмыс істеу, тестілеу, анкеталық сауалнама, инерактивті әдістер қолдану арқылы, мақсатты нәтижелерге қол жеткізіледі.
<b>Діни насихат және діни қозғалыстар</b>	Діни насихат және оның әдіс-тәсілдері	Діни насихат ілімінде қолданылатын терминдер мен оның дінді насихаттаудағы ерекшеліктері және діни насихат түрлері, даму кезеңдерін меңгереді. (КҚ30), Діни дағуаттың заманауи әдіс-тәсілдері игереді. (КҚ31)	Діни насихатты зерделеу жасауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.



	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	Бұл пәнді толық игерген білімгер жаңа терминдерді біліп, жаңа діни ағымдарға классификация жасауды меңгереді (КҚ32). Сонымен қатар, білімгер жаңа діни ағымдарды зерттей отырып, тарихы терең әлемдік және ұлттық діндердің қоғамдағы рөліне баға бере алады (КҚ33); Жаңа діни культтерді топтастыра отырып, білімгер діндерді «секта», «деноминация», «конфессия» сияқты категорияларға бөле алады (КҚ34).	Сабак барысы қызықты әрі пайдалы болу үшін секталар мен діни культтерге қатысты видеолар көрсетіліп, олардың діни кітаптары мен символдары пайдаланылады. Нақты статистикалық ақпаратқа қол жеткізу үшін ресми сайттар қолданылады.
	Өндірістік тәжірибесі	Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады (КҚ35). Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді (КҚ36).	Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
<b>Академиялық жазылым және тәжірибе</b>	Академиялық жазылым	Пәнді толық игерген білімгер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің және рәсімдеудің негізгі талаптарын, тәсілдерін меңгереді. Ғылыми басылымдарға зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялаудың жолдарын, талаптарын, кезеңдерін біліп шығады (КҚ19).	Сабакта белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін ғылыми басылымдарға жариялау жолдары қарастырылады.
	Диплом алды тәжірибе	Диплом жұмысының тақырыбымен байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады (КҚ49). Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді (КҚ50).	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.
<b>Құран ілімі</b>	Қазақ	Қазақ ойшылдарының діни	Пәнді жүргізу

<b>және діни дәстүр</b>	ойшылдары дін туралы / Орталық Азиядағы ислам тарихы	тұжырымдарының қалыптасуы мен ой-тұжырымдардың ерекшеліктеріне тоқталып, алғышарттарымен танысады (КҚ39). Орта Азия аумағындағы исламның таралу тарихын кезеңдендіріп, салыстырмалы-тарихи сараптама ұсына алады (КҚ40).	кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
	Құран ілімдеріне кіріспе/ Тәпсір іліміне кіріспе	Құран тарихы, теориясы, Құран сүрелері мен аяттары, қырағат ілімі және аталған тақырыптарға қатысты тақырыпшалар қамтылады. Құран іліміне қатысты ғылыми көзқарастар сараланады (КҚ41), Тәпсір ілімінің қалыптасу кезеңдері, ғалымдары, кітаптары және тәпсіршілердің әдіснамалары игеріледі (КҚ42).	Білім алушыға ой еркіндігін, пікір айту мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, білім алушының пәнді қабылдауына, жетілдіріп оқуына бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады.
<b>Құқық және тарих</b>	Мазһабтар тарихы / Еркін ойлау тарихы	Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер исламдағы құқықтық, теологиялық және саяси мазһабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады (КҚ43); ислам тарихында династиялық басқару кезеңдері, олардың мемлекеттік құрылымдары мен мәдени деңгейлеріне пікірталас жүргізе алатындай білімге ие болады (КҚ44); Еркін ойдың түрлі формалары. Адамзат тарихындағы еркін ойдың қалыптасуы, даму кезеңдері мен ерекшеліктерін игереді (КҚ45).	Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, миға шабуыл, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі.

	Ислам құқығы/ Қазіргі ислам құқығының мәселелері	Қазіргі ислам құқығы тақырыптары негізінде адамгершілік сияқты рухани құндылықтарды анықтай алады және адамдарға оң әсер ету жолдарын таңдай біледі (КҚ46). Құқықтық мектептер қарастырған тақырыптар бойынша заманауи мәселелер төңірегінде өзіндік ой қалыптастырады (КҚ47). Қазіргі заманғы діни мәселелерді Ислам құқығындағы тақырыптармен салыстыра біледі (КҚ48).	Салыстырмалы- тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері колданылады.
<b>Дипломдық жұмыс</b>	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	Дипломдық жұмысты талаптарға сай рәсімдеуді, тараулар мен бөлімдерге сай мәліметтерді бере алуды меңгереді (КҚ51). Ғылыми ізденіс нәтижесін ұсынуға және қорғап шығуға дайындалады (КҚ52). Білім беру бағдарламасы барысында игерілген теориялық білім базасы бойынша негізгі мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап бере алады (КҚ53).	Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер колданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен техникалар колданылады.

КҚ – Кілттік күзiреттiлiктер

### 3.2 Білім беру бағдарламасы нәтижелерінің негізгі күзiреттiлiктермен сәйкестендірілу матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
НҚ1		+			+		+		+	
НҚ2	+		+	+						
НҚ3		+		+						
НҚ4					+	+	+			
НҚ5	+			+				+		+
НҚ6	+					+				
НҚ7								+	+	+
НҚ8		+	+			+		+	+	

НҚ – Негізгі күзiреттiлiктер

3.3 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

№	Пән атауы	Цикл және компонент	Қорытынды бақылау	Академиялық кредиттер саны	Қалыптастырыл атын күзіреттіліктер (3.1 бөліміндегі кодтар)
<b>1 семестр</b>					
1	Салыстырмалы дінтану	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ1), (КҚ2), (КҚ3).
2	Дін және әлеуметтік конфликт	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ4), (КҚ5), (КҚ6).
3	Матуриди ақидасы/ Ислам теологиясы	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ25).
4	Араб тілі / Дінтануға қатысты араб тіліндегі мәтіндер	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ37); (КҚ38)
5	Мазһабтар тарихы/ Еркін ойлау тарихы	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ43). (КҚ44). (КҚ45).
6	Ислам құқығы/ Қазіргі ислам құқығының мәселелері	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ46). (КҚ47). (КҚ48).
				<b>30</b>	
<b>2 семестр</b>					
1	Ислам философиясына кіріспе	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ7), (КҚ8)
2	Исламдағы құлшылық мәселелері	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ9), (КҚ10).
3	Радикалды сана психологиясы	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ11), (КҚ12).
4	Құран Кәрім/Тажуид	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ13), (КҚ14), (КҚ15), (КҚ16).
5	Діни насихат және оның әдіс-тәсілдері	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ30), (КҚ31).
6	Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ32). (КҚ33); (КҚ34).
<b>Қорытынды</b>				<b>30</b>	
<b>3 семестр</b>					

1	Ханафи мәзһабының негіздері/ Хадис іліміне кіріспе	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ17). (КҚ18).
2	Монотеистік діндер / Христиандық тарихы	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ23), (КҚ24).
3	Ислам тарихы / Ислам өркениеті	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ20); (КҚ21). (КҚ22).
4	Өндірістік тәжірибесі	БП/ЖК	есеп	5	(КҚ35). (КҚ36).
5	Қазақ ойшылдары дін туралы/ Орта Азиядағы ислам тарихы	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ39), (КҚ40).
6	Құран ілімдеріне кіріспе / Тәпсір іліміне кіріспе	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ41), (КҚ42).
<b>Қорытынды</b>				<b>30</b>	
<b>4 семестр</b>					
1	Академиялық жазылым	БП/ЖК	емтихан	5	(КҚ19).
2	Дипломалды тәжірибе	БП/ЖК	есеп	3	(КҚ49). (КҚ50).
3	Қазақстандағы ислам/ Орталық Азиядағы суфизм	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ26). (КҚ27).
4	ҚР дін және мемлекет арақатынасы/ ҚР Дін туралы мемлекеттік заңдар	БП/ТК	емтихан	5	(КҚ28). (КҚ29).
5	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру		ДЖ қорғау немесе Кешенді емтихан	12	(КҚ51). (КҚ52). (КҚ53).
<b>Қорытынды</b>				<b>30</b>	
<b>ЖАЛПЫ БАРЛЫҒЫ</b>				<b>120</b>	